

Даян М., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, педагогикалық факультеті, БОПМӘ-21 топ, студент
(Ғылыми жетекші – п.ғ.к., доцент Мухаметжанова А.О.)

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

«Адам болу – қасиет, азамат болу – міндет, патриот болу – парыз» Бауыржан Момышұлы. Балалықтан патриот болуға тәрбиелеу, мәңгілік елдің жемісі. Іргесі мықты ел болу – елі мен жерін, халқын сүюден басталады. Өсіп келе жатқан жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу қашанда толастамаған. Сонау төңкеріс жылдарынан бастау алатын «советтік патриотизм» Ұлы Отан соғысында жеңіске жеткізді. Одан кейінгі жылдары патриотизмге баулу, жан-жақты үйлесімді дамыған адам, тұлға тәрбиелеу, коммунистік мораль қалыптастыру аясында жүргізілді. Отаншылдыққа, туған жерін қорғауға баулу мектептің тәрбиелік жұмыстарының аса маңызды бөлігін құрайтындықтан, өмірде болып жатқан бетбұрыстар, қоғамдағы саяси көзқарастар, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер – еліміздің тарихына, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан салт-дәстүріне құрметпен қараумен қатар, оны бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне пайдалануға жол ашып отыр. Мектеп жеке тұлғаның рухани жан дүниесі мен адамгершілік қасиетінің қалыптасуына жүйелі жолға қойылған тәрбие беру негізінде қол жеткізеді.

Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» Қазақстан халқына Жолдауының "Қазақстан мұраты деп аталатын бөлімінде: «...біздің балаларымыз бен немерелеріміз ... бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, абат, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады» - деп үміт артып отыр [1].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің міндеттері: ... азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу» делінген[2, 25 б].

Мұның бәрі де, жаңа жалпықазақстандық патриотизмнің іргетасын қалап, біздің Отанымыздың, біздің барша көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыздың, біздің балаларымыздың тамаша келешегі бар екеніне негізді мақтаныш пен сенімділікті туындатады, Қазақстандық патриотизм жаңа Қазақстанды құрудың негізгі тірегі екеніне тоқтала отырып, халық өзінің ерік-жігерін тарихи ауқымдағы жобаларды іске асыру үшін жұмылдырған кезде жаңа даму деңгейіне жалпықазақстандық патриотизмнің іргесі қаланатынын атап көрсетеді.

Көп ұлтты Қазақстан халқы үшін Отансүйгіштік сезімінің рухани саладағы тату-тәтті тірлік, азаматтық келісімге ғана емес, мемлекеттік материалдық негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар. Отансүйгіштік рух - қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш.

Қазіргі кезде республикамыздың егемендігі мен бейбітшілігін сақтауда тұлғаның патриоттық құндылықтарын дамыту арқылы Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға үлкен мән беріліп отырғандығы Қазақстан Республикасы Конституциясында, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында, Қазақстан Республикасы тарихи сананы қалыптастыру, Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамаларында, «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында», «Бала құқығы туралы декларацияда» және үкіметтің құжаттарында, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ағымдағы басылым беттерінде айқын аңғарылады.

Еліміздің алдыңғы қатарлы 50 мемлекеттердің қатарынан көрінуі, экономикалық еркін аймаққа мүше болуға ұмтылысы, білім беру жүйесінің Болон декларациясына сәйкес әлемдік білім кеңістігіне кіруі біздің алдымызға үлкен маңызды міндеттерді жүктейді. Бүгінгі жаһандану үрдісінде патриотизм ұғымы тек мемлекеттік тұрғыда ғана емес, әлемдік деңгейде бейбітшілік пен тыныштықты сақтау мәселесі тұрғысынан қарастырылады. Қазақстандық патриотизмді әлемдік тыныштық пен бейбітшілікті сақтаудың негізгі бір тұғыры деп айтуға болады. Қазақстан Республикасының алғашқылардың бірі болып ядролық қарудан бас тартуы, сынақ аландарын жабуы, бұл әлемдік бейбітшілікті сақтауға жасаған негізгі қадам болып табылады.

Патриотизмнің қалыптасуының тарихи алғы шарттары ежелгі сақ, ғұн, Түркі қағанаты, Алтын Орда, ХҮІ-ХҮІІІ ғ.ғ., ХІХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық көтеріліс, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде негізі қаланып, 1986 жылғы қазақ жастарының еліміздің тәуелсіздігі үшін күресі арқылы жалғасын тауып, бүгінгі егемен еліміздің қарқынды дамуы үшін өз үлестерін қосып отырған Қазақстан халықтарының еңбектерінен көрініс тауып отырғаны белгілі.

Патриотизм - жеке тұлғаның «табиғат-адам-қоғам» жүйесінде әлеуметтену үрдісін қамтамасыз ететін тұлғаның құнды сапалық қасиеті. Сондықтан да патриотизмді философиялық категориялар тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда патриотизм адамның табиғатпен үйлесе дамуының басты факторы, адамдармен қарым-қатынасының құралы, қоғам дамуының дәйекті әсер ететін детерминант болып табылады. Осыған орай патриотизмнің мәні мен патриоттық тәрбиенің мазмұны «мәдениет - тарих - білім» деп аталатын қоғам дамуының макропарадигмалы логикасы арқылы дамиды.

Қазіргі қоғамдық-әлеуметтік жағдайда жеке тұлғаның бойындағы Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру басты міндет болып саналады. Патриоттық тәрбиенің күре тамыры Күлтегін, Тонікөк, ХҮІ-ХҮІІІ ғасырда елі мен жері үшін жан аямай күрескен Жалаңтөс, Қарасай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай т.б. батырлар ісінен бастау алады. Сонымен қатар, ұрпақ бойындағы ерлік сезімін оятып, туған жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда негізге орын алады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында тәрбие жүйесін жетілдіруге байланысты алдына қойған негізгі мақсаты - «қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілік және жалпыадамзаттық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретіндегі сапалық қасиетін қалыптастыру» – деп бүгінгі ХХІ жаһандану ғасырында ұлттық мәдениет пен өркениетті өзара кіріктіре отырып, жеке тұлға қалыптастыру көзделіп отыр.

Жалпы білім беретін мектептерде, мектеп-гимназияларда патриоттық тәрбие берудің мазмұны мен әдістері, ұстанымдары, технологиялары Агапова И.А., Аронов А.А., Бекмұхамедов Б.М., Датский В., Конжиев Н.М., Коновалова Г.А., Мазыкина Н.В., Матвеева С.В., Матушкин С.Е., т.б. еңбектерінде шешімін тапқан. Патриоттыққа тәрбиелеу мектеп табалдырғын аттаған кезеңнен жетіле түседі.

Бастауыш сынып оқушылардың мектеп жағдайында патриоттық іс- әрекет кезінде көз- қарасының қалыптасуына қоғамдағы өзгерісті түсіну, жалпы адм баласына әрбір азаматқа тән нормада не үшін жанару керектігін ұғындыру және еліміздің мемлекеттік тәуелсіздігінің қасиетті нышандарын қастерлеу болып табылады.

Патриоттық тәрбиенің атқаратын қызметіне:

- тәрбие процесінде, оқу барысында біртұтас көзқарасты қалыптастыратын, патриоттық рухтағы жан- жақты дамыған дара тұлғаны қалыптастыру;
- оқу- тәрбие процесінде патриоттық іс- әрекет әсерін, ынтасын күшейту жатады.

Патриоттық тәрбиенің құрамдас бөлігіне енетін рух тазалығы, еңбексүйгіштік, идеялық сенімділік. Дене шыңдалуының жетілуі психологиялық дайындық мектептегі сабақтарда беріледі. Оқушылардың алған білімдері біртіндеп сенімге айналады

Қоғамның әлеуметтік даму жағдайына байланысты Қазақстандық идея тұрғысынан қоғамда патриоттық құндылықты қалыптастыру факторлары: мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен егемендігін сақтау, еліміз бен жерімізді ұрпақтан –ұрпаққа аманаттап отыру; ұлттың ұлт болып қалыптасуының негізгі белгісі ұлттық тіл, яғни, қазақ тілін ұлтаралық тілдер мәртебесіне жеткізу; мемлекеттік тіл ретінде дамып, қалыптасуын жетілдіру әр азаматтың міндеті болып табылуы қажет; мемлекеттік тіл, ресми және республикада тұратын басқа халықтардың тіліне деген құрмет; ұлттық тарихи және мәдени мұраларға деген сүйіспеншілік пен құрмет; ұлттық экономикалық даму процесіне өз үлесін қосу; табиғатты қорғау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру; әлемдік техникалық прогрестің алдыңғы қатарынан көріну, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясына сәйкес кәсіби мамандар қалыптастыруға жағдай жасау, т.б. қамтылады

Патриотизмнің мазмұнын анықтау үшін ұлттық құндылықтарды бүкіл адамзаттық құндылықтармен ұштастыру негізгі көкейкесті мәселе болып табылады. Патриотизмді бүгінгі күн тұрғысынан алатын болсақ, патриотизм мәселесін ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара сабақтастыра, кіріктіре отырып, философияның негізгі категориялары әлемдік жалпы, айрықша (ұлттық патриотизм), бірегей тұрғыда қарастыруды қажет етеді.

Ұлттық патриотизм – жалпы ұлттың елін, халқын құрметтеуі мен ұлттық тарихи және мәдени мұраларға деген сүйіспеншілік қасиет[3].

Қоғамның жаңа әлеуметтік даму жағдайында мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру барысында стратегиялық және тактикалық жағдайларды іске асыруда алдымызға қойған негізгі талаптарды шешу көзделді:

- патриоттық тәрбие беру үрдісінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара байланыстыра отырып, тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықтарды қалыптастыру;
- жүйелі-ұйымдастыру - мектеп, отбасы және әлеуметтік ортаны өзара сабақтастыра отырып, мақсатты түрде оқушыларға патриоттық тәрбие беруді ұйымдастыру;
- оқушылардың жас және дара ерекшеліктерін ескере отырып, патриоттық тәрбие берудің мазмұнын, формалары мен әдістерін нақты пайдалана білу;
- аймақтық ерекшеліктерді ескеру, туған елге, жерге, ауылға, қалаға, т.б. сүйіспеншілігі арқылы, ұлттық және Қазақстандық, жалпыадамзаттық патриотизмді қалыптастыру;
- кешенді ықпал ету арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан патриоттық, әлеуметтік құндылықтарды, тәжірибелерді жүйелі түрде пайдалану.

Тәрбиенің негізі болып саналатын жалпыадамзаттық құндылықтардың бірі – тәрбиенің басқа адамға деген қажеттілігі, басқа адамдарды сүйе білу қажеттілігі болып табылады. Философиялық тұрғыда рухани құндылық, соның ішінде патриотизм рухани сұраныстарды қанағаттандыратын және тұлғаның рухани әлемін байытуды көздейді. Тұлғаның бойындағы руханилық өлшемдер оның ой- санасында, мінез-құлқында, іс-әрекетінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың үйлесуі, қалыптасуы деп көрсетеді.

Патриотизм дегеніміз - Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық- мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз - жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасты білдіреді. Патриоттық тәрбиені ойға алғанда, бірінші санаға Отан түсінігі келеді. Сондықтан осы түсініктің санада орнығуына байланысты патриотизмнің мынадай екі қырын көруге болады:

1. Отан туралы жалпы түсінік. Ол халықтың дамуы, тарихы, қорғаныс тәсілдері, патриоттық пікірлер, көңіл күйі, дәстүрлері мен саналы сезімі кіреді.

2. Патриотизмнің теориялық деңгейі. Ол — Отанның құрылуы, дамуы, сақталуы, оның егемендігі мен тәуелсіздігі туралығылыми білімдерді жете меңгеруі. Отанға қызмет көрсету турасындағы патриоттық идеялар, патриоттық мінез-құлық нормалары.

Осы мәліметтерді негізге ала отырып бастауыш сынып оқушыларын патриотизмге тәрбиелеудің жолдары айқындалды (Сурет 1.)



Сурет 1. Бастауыш сынып оқушыларын патриотизмге тәрбиелеу жолдары.

Осы жолдарды қолдануда біз баланы патриоттық тәрбиелеуге үлкен қадамдар жасаймыз. Бұл жолдар тиімді әрі дұрыс жүйеленген деп есептейміз.

Елбасымыз, Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында ең басты қағидалардың бірі «Ұлттық бірегейлікті сақтау» деп анықталған: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодынды сақтай білу». Ұлттық сана-сезім, ұлтқа жанашырлық – патриоттық тәрбие берудің, саналы, парасаты мол азаматты тәрбиелеудің негізгі дінгегі, өзегі. Қазақстан жағдайындағы патриоттық тәрбие беру мәселесінің ерекшелігін де күн тәртібінен тыс қарастыруға болмайды. Себебі көпұлтты мемлекетіміздің халқы этносаралық қарым-қатынас орнатуда патриоттық қағидалардан тыс кемелдене алмайды. Ұлтаралық, этносаралық татулық – қазақстандық патриотизмнің бөлінбес құндылығы деп қарастырамыз. Осы құндылық арқылы бағдарламада негізгі бағыттардың бірі «Сананың ашықтығы» жүзеге асырылады. Бұл бағыт пен «қазақстандық патриотизм» мәні тығыз байланыста екенін елін, жерін көркейту ісінде қазақ жерін Отаным деп таныған ұлттар мен этностардың, әлемнің озық тәжірибесін есепке алу үрдісі айқындап береді. «Татулық», «бірлік» ұғымдары «қазақстандық патриотизмнің» құндылықтары ретінде әр қазақстандықтың бойына туғаннан сіңірілетіні белгілі. Өскелең ұрпақ тәрбиесінде «қазақстандық патриотизм» білімге құштарлық пен әлемнің жаңашылдыққа бағытталған сандық технологияларын игерусіз түпкі мақсатына жетпейтіні анық. Бұл орайда өскелең ұрпақтың бойына саналы түрде ес білгеннен бастап «білім» категориясының адам өміріндегі басты құндылық екенін сіңірту, дәріптеу ісі дұрыс жолға қойылуы керек[4].

Оқушыларға білім мен тәрбие беруде сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстар мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің бір бөлігі болып табылады. Олардың түрлері өте көп. Жаратылыстану пәндері бойынша әңгімелер мен лекциялар, топсеруендер мен танымжорықтар, зерттеулер мен байқаулар, сынып бөлмелерінде және жергілікті жерлерде жүргізілетін сарамандық және зертханалық жұмыстар, апталықтар, кештер, интеллектуалды шоу, т.б. өткізуге болады. Біз өткізген сыныптан тыс жұмыстардың мақсаты - баланы жан-жақты жетілдіру, халықтық дәстүрлерге деген құрмет сезімін дамыту және халық педагогикасы арқылы бойларында атамекенге сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Тәуелсіздік – елдің биік те қасиетті ұғымдарының бірі, ал отансүйгіштік – біздің халықты біріктіретін Қазақстанның бірлігі мен жалпыұлттық идеясының негізі болып табылады. Ол аса маңызды стратегиялық, ұлттық, мәдени және т.б. проблемаларды шешуге бағытталған қоғамның маңызды мобилизациялық ресурстарының формасы. Мемлекеттің саяси құжаттарында нақты белгіленген патриотизмнің ықтималды нәтижесі ел азаматтарының нақты іс-әрекеттерінен көрінуі тиіс. Себебі, азамат, патриот болу үшін батыр немесе асқан ерекше адам болудың қажеті жоқ. Тек өз Отанынды жеткілікті дәрежеде сүйюің, ол үшін кам жеуің, оның барлық қиындығы мен қуанышын бірге бөлісуің қажет.

Оқушыларды патриоттық тәрбиелеу қоғамда маңызды болып табылады, бұл мәселе бойынша бізде біраз жұмыстар атқардық. Осы тақырыпта мақала мен ғылыми жоба жасадық және «*Патриотизм – ұлттық рухтың асқақ белгісі*», «*Мен – кіші Отанымның патриотымын*» тәрбие шараларын жоспарлап ұйымдастырдық. Біздің қарастырып отырған тақырыбымыз және ұйымдастырылған ғылыми жобамызда бастауыш сыныпқа арналған патриоттық тәрбие беру жолдарын «*Біздің Отанымыз – Қазақстан*» оқушыларға арналған дәптер және «*Айбын*» оқушылар ұйымы негізінде жүзеге асты.

«Айбын» ұйымының мақсаты:

-өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

«Айбынның» міндеттері:

- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру;
- балалар азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;
- танымдық жұмыстарды ынталандыру.

«Айбын» мүшелерінің құқықтары:

- «Айбын» қызметіне белсенді қатысу;
- «Айбын» басқару органының құрамына сайлану және сайлау;

- «Айбын» жұмысының бағдарламаларын жүзеге асыру барысындағы табыстары және ерекше жеке жетістіктері үшін мақтаулар мен мадақтаулар алу (грамоталар, дипломдар, «Айбын» қабырғалы газетіне ену»);

- Ұйымның барлық деңгейінде қызметі туралы ақпарат алуға;

«Айбын» келесі қызметтерді атқарады:

- тәрбиелік;
- танымдық;
- коммуникативтік;
- әлеуметтік;
- ақпараттық;
- шығармашылық.

«Айбын» қызметінің қағидалары:

- азаматтық сана-сезім және жалпы адами құндылықтардың басымдылығы;

- еріктілік және қол жетімділік;

- ұрпақтар сабақтастығы мен «Айбын» ұйымының дәстүрлерін сақтау;

- ұйымның негізгі мақсаты мен міндетін жүзеге асырудағы ересектер мен балалардың бірлігі;

- қызметтің патриоттық, толеранттық, рухани-адамгершілік бағыты.

«Біздің Отанымыз – Қазақстан» бастауыш сыныптарға арналған жұмыс дәптері патриотизмді дамытуға және нығайтуға бағытталған, оқу-тәрбие үрдісінде кеңінен қолдануға болады.

Жұмыс дәптерінің мақсаты - бастауыш сыныпта оқитын оқушыларда патриотизмді дамытуға және нығайтуға тәрбиелеу

Жұмыс дәптерінің міндеттері:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін сыйлау (Ту, Елтаңба, Әнұран), өз елінің патриоты болу;

- оқуда, қоғамдық жұмыстарда, еңбекте үлгілі болу; қоғамдық мүлікті сақтау, мәдениетті болу;

- салауатты өмір салтын ұстану, оны өз құрдастары арасында насихаттау;

- үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету.


Дәптер құрылымына тоқталатын болсақ, мұқабасынан кейін балаларға дәптермен жұмыс жасауға арналған шартты белгілері берілген. Он тақырып бойынша өарастырылған тапсырмалар жүйесі берілген. Тақырып соңында өзін өзі бағалауға арналған сұрақтар берілген.

Қарастырылған дәптер мазмұнын қарастыратын болсақ, әр тақырып бойынша тапсырмалар берілген. Мәселен, «Мемлекеттік рәміздер - патриоттық тәрбиенің бастауы» тақырыбында мынадай тапсырмалар жүйеленген.

Мәтінді түсініп оқы.

1. Рәміздер деген не? Мәтіннен тауып оқы.

2. Рәміздер туралы не білесің? Қазақстан республикасының Мемлекеттік рәміздер күні қашан атап өтіледі?



Бұл жұмыс дәптерінде бастауыш сынып оқушыларының патриотизмін дамытуға және нығайтуға бағытталған тәрбиелеу жұмыстарының негіздері қарастырылған. Жұмыс дәптері мен оқушылар ұйымының тиімділігі тәрбие сағаты барысында байқалды, біздің ойымызша осы жұмыс дәптері мен оқушылар ұйымының тәрбиелік, білімділік мәні зор, осыларды қолдану барысында тиімділігі көрінді. Біз болашақта осы тақырыптың төңірегінде көп жұмыстар

атқармақпыз. Кез келген мемлекетінде ертеңі еңселі, болашағы баянды болуы жастардың тағдырының дұрыс қалыптасуына байланысты. Сол себепті оқушылар бойында тек қана білімділік емес сонымен қатар елін, жерін сүю, патриот болу қасиеттері қалыптасуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Н.Назарбаев Қазақстан - 2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы, Білім, 1997. 176б.

2.«Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы /Бас. ред. Ә.Нысанбаев. Алматы, «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, 1999. 720б

3.Иманбаева С.Т. Қазақстан Республикасының әлеуметтік даму жағдайында мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің ғылыми–педагогикалық негіздері. Пед.ғыл.док....дис.автореф. Алматы,2007

4.Н.Назарбаевтың Қазақстан халқының әл – ауқатын арттыру мемлекеттік саясатының басты мақсаты атты Қазақстан халқына жолдауы//Егемен Қазақстан, 27. 01. 2011 ж.

Жаксылық А.Р., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік Университеті, шет тілдер факультеті, КА-32 тобының студенті
(*Ғылыми жетекші - шетел филологиясы кафедрасының аға оқытушысы Ысқақнаби Адал*)

ҚЫТАЙ ТІЛІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖЕҢІЛ ӘДІСТЕР

Қытай өте дамыған мемлекет, әлемдегі екінші экономика. Технологиялық жетістіктері таңғалдырмай қоймайды. Бұл елдегі бизнес- қауымдастықтың таза еңбегі. Олармен жеке жүздескен Мемлекет басшысы: Әсіресе инновациялық және ғылыми-техникалық даму саласында байланыстарға баса мән беру керек.

Қасым-Жомарт Тоқаев

Әлемдік нарықтық экономикада өз орнын ойып алған Қытай Халық Республикасы қазірде екінші орынды алады. Үздіксіз экономикасы өркендеп жатқан,көрші мемлекеттің тілін үйренбеске болмас. Соңғы жылдары көпшіліктің қытай тілін үйренуге деген қызығушылықтары артып келеді. Қазақстандағы жоғары оқу орындары ағылшын тілімен қытай тілі қоса оқытылуда. Ең алғаш қытай тілі кафедрасы 1989 жылы Қазақ ұлттық университетінде ашылды. Академик Е.А. Букетов Қарағанды Мемлекеттік университетінде 2002 жылдан бастап, қытай тілі жүйелі түрде мамандарды дайындап жатыр. Елімізде 2007 жылдан бастап Конфуций институттар желісі Қазақстанның көптеген қалаларында өз бөлімшелерін ашты. Конфуций оқу орталығынан білім алған шәкірттер Қытай Халық Республикасында білім ала алады. Сонымен қатар мемлекеттік емес жоғары оқу орындарында да студенттерді белсенді дайындау жүйелі қарастырылған.

Қазақстанда Қытай тілін үйрену маңызды. Әлемдегі нарықтық экономикада оның ішінде еліміз Қытай елімен сауда байланысында жоғары орында тұр. Қытай тілін меңгеруіміз әлемдік бәсекеге қабілетті ел болудың бір көрінісі десекте болады.

Қытай тілі әлемдегі ешбір тілге ұқсамайтын үйренуге қиын тілдердің бірі. Әр иероглиф бір таңба болғандықтан, оларды жаттауға, есте сақтауға, жазудағы заңдылықтарын сақтай отырып иероглифтарды игеруге тырысу керек. Одан бөлек ауызша сөйлеуде тондарды, дауыс ырғағын дұрыс қоя алу өте маңызды. Сонда ғана Қытай тілін үйрене аламыз. Сонымен қатар тағы бір маңызды нәрсе, ол иероглифтардың мағынасында. Бір иероглиф жалғыз тұрғанда басқа мағына берсе, тағыда бір иероглифпен қосылса, басқа мағынаға ауысып кетеді. Мысалы 大家[da jia]- «бірге» деген мағына білдірсе, 家[jia] сөзі жалғыз тұрғанда «отбасы» деген мағынаны білдіреді.

Қазіргі таңда Қазақстандық Жоғары оқу орындары «Жаңа тәжірибелік Қытай оқырманы» кітабымен сабақ жүргізеді. Кітап 2007 жылы Пекин Тілі және Мәдениеті университетінің баспасында, Қытай тілін үйренудің ең жеңіл әдістерімен өңделіп шыққан. Бұл оқулықты барлық жоғары оқу орындары пайдаланады. Кітап 5 деңгейге бөлініп жасалған. Бұл кітап тілді жеңіл үйренуге көп көмектеседі. Әрине қиын тілді меңгеру ауыр болғандықтан, үйренудің жеңіл тәсілдерінбасқада әдістермен қарастырып көруге болады.

Жаттауға қиын деген қытай иероглифтарының ең оңай тәсілдеріне шолу жасап көрелік. Иероглифтарды тез жаттаудың бір әдісі Сөзді бейнесіне ұқсастыру арқылы жаттау. Төмендегі суреттегі сөздерге қарасаңыз уақыт өте келе иероглифтардың өзгергенін көресіз.

日гі –күн